

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылға 18 сәуірдегі N 596 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 2 тамыздағы N 861. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.02. N 452 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.02. N 452 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Білім беру қызметін лицензиялаудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 сәуірдегі N 596 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 20, 219-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Білім беру қызметін лицензиялаудың е р е ж е с і н д е :

2 3 - т а р м а қ т а :

1), 2), 3) тармақшалар мынадай мазмұндағы жетінші және сегізінші абзацтармен толықтырылсын:

"білім алушылар контингентін және оқу құнын негізге ала отырып анықталатын, бірақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша анықталатын мөлшерден кем емес, білім алу үшін жағдайларды қамтамасыз ететін меншікті, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі материалдық-қаржылық активтерінің болуы;

студенттің бір жылғы оқуына жоспарлы ең аз шығыстар Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті оқу жылына кәсіптік жоғары білімді мамандар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты бекіту жөніндегі қаулысымен көзделген шығыстар деңгейіне сәйкес болуы тиіс;"

1) тармақшаның сегізінші абзацында "өз меншігіндегі немесе 1 оқу жылынан кем емес мерзімге жалға алған" деген сөздер "меншікті, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 4 - т а р м а қ т а :

1) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
"даярланатын тиісті ғылыми мамандықтар бойынша мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, тәжірибелік және материалдық-техникалық базаның болуы";

2) тармақшаның үшінші абзацы "ғылыми-тәжірибелік" деген сөздерден кейін
", ғылыми-зерттеу және материалдық-техникалық" деген сөздермен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК